

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы құрылысы объектілерінің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 16 қараша N 1458 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.24. N 1146 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияны құру туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 530 U000530_ Жарлығына және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Z970163_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Астана қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) жұмыс органы болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу жөніндегі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігін "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының құны 450 (төрт жүз елу) миллион теңгеден асатын объектілерінің құрылысын салуға мердігерлік кәсіпорындардың жұмыстарын (қызмет көрсетулерін) мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстардың бірыңғай ұйымдастырушысы етіп белгілесін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 2-тармағында көрсетілген мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстардың жеңімпаздарын айқындауды жүзеге асырсын;

2) Комиссияның жұмыс органымен оның өзара іс-әрекетінің тәртібін әзірлесін және оны Комиссия төрағасына бекітуге енгізсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі